

**Ақмола облысы әкімдігінің 2008 жылғы 17 сәуірдегі № А-3/134 "**

**Жекешелендіруге жататын коммуналдық меншік нысандарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы әкімдігінің 2010 жылғы 22 сәуірдегі № А-4/135 қаулысы. Ақмола облысы Әділет департаментінде 2010 жылғы 4 мамырда № 3354 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № А-3/112 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2011.04.06 № А-3/112 қаулысымен .*

«Жекешелендіру туралы» 1995 жылғы 23 желтоқсандағы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысы әкімдігінің «Жекешелендіруге жататын коммуналдық меншік нысандарының тізбесін бекіту туралы» 2008 жылғы 17 сәуірдегі № А-3/134 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3250 болып тіркелген, 2008 жылғы 20 мамырда «Арқа ажары» газетінде және 2008 жылғы 20 мамырда «Ақмолинская правда» газетінде жарияланған) келесі **толықтырулар енгізілсін:**

аталған қаулымен бекітілген жекешелендіруге жататын коммуналдық меншік **нысандарының тізбесі:**

келесі мазмұндағы реттік нөмірлері 135, 136 жолдарымен толықтырылсын:

«

135	Пансионат қонақ-үй ғимараты	Бурабай ауданы, «Золотой бор» туристік база аумағы	«Ақмола облысының ішкі істер департаменті» ММ
136	«Шортанды ауданның № 9 орталық дәріханасы» ЖШС-нің жарғылық капиталында 100% мемлекеттік қатысу үлесі	Шортанды ауданы, Шортанды кенті, Пионерская көшесі, 7 үй	«Шортанды ауданның № 9 орталық дәріханасы» ЖШС

».

2. Осы қаулы Ақмола облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облысының әкімі*

*С.Дьяченко*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК